**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 10-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
Топ: Әр түрлі жастағы «Қарлығаш» тобы
Балалардың жасы: 3,4.
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.11 - 07.11.2025

Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К.
Оразғали Ә.М.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.11.2025 | Сейсенбі 04.11.2025 | Сәрсенбі 05.11.2025 | Бейсенбі 06.11.2025 | Жұма 07.11.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары,күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | **«Адал азамат» бағдарламасы құндылық- « Әділдік пен жауапкершілік- біртұтас ұғым!»**<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі (Менің Қазақстаным) | **«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұраны**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>Айтамыз алғыс қайталап,<br>Тыңдайды бізді шартарап.<br>Өмір сүру – бір бақыт.<br>Дос бола білу – шын бақыт.<br>**Әңгімелесу**: «Ертегілер еліне саяхат» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)<br>**Міндеті**: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту.<br>**Сөздік қоры:** ертегілер<br>**Апталық тақпақ:** (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Қаша берсең орманға<br>«Қорқағым» деп ат қоям. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 10 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою,<br>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рахмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | «Ойлан, тап» ойыны.<br>**Міндеті:** Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>(ойын әрекеті арқылы коммуникативтік қабілеттерін дамыту) | Д/о: «Түрлі-түсті пирамидалар» (ойын, шығармашылық, танымды іс-әрекет)<br>**Міндеті:** Бөлшектерді құрастыруға үйрету | Саусақ ойыны «Қуырмаш»<br>**Міндеті:** саусақ бұлшық еттерін жетілдіріп, сөздік қорын дамыту (танымдық,ойын әрекеті) | «Суретші қай жерде қателесті?» ойыны.<br>**Міндеті:**Балаларға суреттегі сәйкессіздікті табуға үйрету.<br>(шығармашылық ойын әрекет) | Сюжетті-рөлдік ойыны.<br>«Жүргізуші»<br>**Міндеті:** көңіл-күйлерін көтеріп, қиялын дамыту.<br>(қимыл белсенділігі – ойын әрекеті) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Тіл дамыту, көркем әдебиеті**<br>3 жас<br>«Ертегілер елінде» ойыны.<br>**Міндеті:** Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. | **Дене тәрбиесі** (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Тіл дамыту, көркем әдебиет** «Кімге не керек?» ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:** Заттарды жалпы (ойыншықтар, | **Дене тәрбиесі** (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Математика негіздері**<br>«Біздің күн» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:**<br>Уақытты бағдарлау:таңертең | **Дене тәрбиесі** (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Математика негіздері**<br>«Затты салыстыр» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, | **Музыка**<br>«Көңілді аспаптар» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:**Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздік қоры: түлкі, қасқыр, аю.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>Сөздік қоры: арыстан, піл, қоян, кірпі.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Айырмашылығын тап» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:**Үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: үшбұрыш.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Балаларды | киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: Шалбар, көйлек, жемпір, тон, етік.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қоры: шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Кімге не? Қанша?» ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:** Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру.<br><br>Сөздік қоры: біреу, | Сөздік қоры: таңертең<br>4 жас<br>**Міндеті:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Сөздік қоры: таңертең, күндіз, кеш, түн.<br><br>**Тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі**<br>«Неге ұқсайды?» ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:**<br>Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>Сөздік қоры: доп, домалақ, көңілді.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, ертегілердің қызықты | ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)<br>Сөздік қоры: автокөлік, ұшақ, тік ұшақ пойыз.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: Автокөлік, ұшақ, тік ұшақ пойыз.<br><br>**Тіл дамыту, көркем әдебиет**<br>«Аталған ағаштың суретін тап» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>Сөздік қоры шырша, аққайын, терек:<br>4 жас<br>**Міндеті:**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау.<br>Сөздік қоры: шырша, | Сөздік қоры: аспаптар<br><br>4 жас<br>**Міндеті:**Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Сөздік қоры: аспаптар<br><br>**Математика негіздері**<br>«Өз орныңды тап» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)<br>Сөздік қоры: үстел, орындық.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.<br>Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.**<br>«Не өзгерді?» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Сөздік қоры: ағаш, жапырақ.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Сөздік қоры: суық, жылы, күн шуақты.<br><br>4 жас | көп.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** 4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Сөздік қоры: бірінші, екінші, үшінші, төртінші. | үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Сөздік қоры: доп, домалақ, көңілді.<br><br>**Қазақ тілі**<br>3 жас<br>«Жиһаздарды ірікте» ойыны<br>**Міндеті:**тұрмыстық заттардың атауларын атауға баулу.<br>4 жас<br>«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» ойыны<br>Міндеті: қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: жаңбыр, жел | аққайын, терек | Сөздік қоры: үй, есік, терезе.<br><br>**Тіл дамыту, көркем әдебиет:**<br>«Қандай дыбыс жиі естіледі?»ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Дауысты (ұ ) дыбысын анық айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br><br>Сөздік қоры: ұшақ, тік ұшақ.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөздік қоры: қара, жасыл, сары, қызыл, қоңыр. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Адал азамат» бағдарламасы «Қауіпсіздік сабағы» «Үшкір заттармен ойнама!» Міндеті: үшкір заттарды атап, абай болуға дағдыландыру. | | | | |
| Серуенге дайындық №1 | Серуен №10. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті) | | | | |
| Серуен №1 | Кешен № 10 **Жапырақтардың жерге түсуін бақылау** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) **Міндеті:** балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау. **Міндеті:** Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру. **Ұлттық ойын:** «Орамал тастамақ» **Міндеті:** Ойынның шартын бұзбай, байқампаздыққа баулу. | Кешен №10 **Күнін көзін бақылау** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) **Міндеті:** бағыт-бағдарды таңдап, бақылаулар жүргізу. Сөздік қоры: күннің көзі **Еңбек әрекеті:** Ойын алаңын жинау. **Міндеті:** еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұлттық ойын:** «Ақ серек, көксерек» **Міндеті:** шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы) | Кешен №10 **Құстарды бақылау** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) **Міндеті:** бағыт-бағдарды таңдап, бақылаулар жүргізу. **Еңбек әрекеті:** құстарға жем шашу. **Міндеті:** еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді. **Ұлттық ойын:** «Орамал тастамақ» **Міндеті:** Ойынның шартын бұзбай, байқампаздыққа баулу. | Кешен №10 **Ауа райын бақылау** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) **Міндеті:**күз мезгілі туралы түсініктерін молайту. **Еңбек әрекеті:** ағаш түптерін жинау. **Міндеті:** бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді. **Ұлттық ойын:** «Ақ серек, көксерек» **Міндеті:** шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы) | Кешен №10 **Жаңбырды бақылау.** (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) **Міндеті:** Табиғат құбылысы жаңбырмен таныстыру. **Еңбек әрекеті** Жаңбырдың суымен бөлме өсімдіктерін суару. **Міндеті:** Бөлме өсімдіктерін күте алуға қолғабыс ету. **Ұлттық ойын:** «Орамал тастамақ» **Міндеті:** Ойынның шартын бұзбай, байқампаздыққа баулу. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | **Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну»** Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою Сырттан келіп үнемі, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рахмет. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>**«Адал азамат» бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоцианалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. **(ән тыңдау – шығармышылық әрекеті)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 8 кешен:Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Бауырсақ қалай домалайды»<br>3жас<br>**Міндеті:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Жаңбырлы күн»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жапсыруда табиғи материалдарды | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Домалақ заттарға не жатады»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Ұшақтар»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Мен сияқты жаса»<br>3 жас<br>**Міндеті:**Өз бетінше құрастыруға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздік қоры:** бауырсақ<br><br>4жас<br>**Міндеті:** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>**Сөздік қоры:** бауырсақ | және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).<br>**Сөздік қоры:** жаңбыр<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сөздік қоры:** жаңбыр | бейнелеу.<br>**Сөздік қоры:** күн<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Сөздік қоры:** доп, күн, сағат. | жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздік қоры:** ұшақ<br><br>4 жас<br>**Міндеті:**Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>**Сөздік қоры:** ұшақ | мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>**Сөздік қоры:** жүргіншілер жолы.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Сөздік қоры:** жүргіншілер жолы. |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | 3 жас<br>1. Амантай Әмина<br>2.Аманай Ансар<br>3.Аукен Жұлдыз<br>4.Байжуманова Назым<br>Ойын: «Ғажайып дорба»<br>Міндеті: қаттарды дұрыс атауға дағдыландыру. | 3 жас<br>1.Есмагамбетов Алдияр<br>2.Жанар Аяулым<br>3.Жетписпай Алинұр<br>Ойын: «Бір сөзбен ата»<br>Міндеті: сөздік қорын дамыту (тіл дамыту коммуникативтік қызмет) | 4 жас<br>1.Даурен Рамина<br>2.Бейсенова Аружан<br>3.Мұқажан Нармина<br>4.Шаншархан Жангир<br>«Саңырауқұлақтарды түсімен себетке салыңыз»<br>Міндеті: сөздік қорын дамыту<br>(Математика негіздері – танымдық қызмет) | 3 жас<br>1.Қанат Мерген<br>2.Қайрат Муслим<br>3.Құрманбай Баймұрат<br>4.Марат Аяулым<br>5.Махсұт Тамерлан<br>«Менің досым»<br>Міндеті: дос туралы түсінік беру (тіл дамыту – коммуникативтік қызмет) | 3 жас<br>1.Мұрат Данелия<br>2.Нагметулла Асан<br>3.Серік Бахытжан<br>4.Серікбек Асылым<br>5.Талап Наркыз<br>Ойын: «Сипаттама бойынша тап»<br>**Міндеті:**Пішіндерді түстері бойынша табуға үйрету.<br>(Математика негіздері –танымдық қызмет) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы** | Ойын:«Түрлі түсті жапырақты жина »<br>Міндеті: жапырақтар туралы түсінік беру, түстерді ажырату.<br>Құрманбай Баймұрат<br>Аманай Ансар | Ойын: « Тазалықтың достарын ата»<br>Міндеті: тазалық бұйымдарын атау.<br>Құрманбай Баймұрат<br>Аманай Ансар | Ойын: « Отбасы мүшелерін ата»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.<br>Құрманбай Баймұрат<br>Аманай Ансар | Ойын:« Үй құстарын ата»<br>Міндеті: үй құстарын атау.<br>Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту.<br>Құрманбай Баймұрат<br>Аманай Ансар | Ойын: «Киімдерді ата»<br>Міндеті: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету.<br>Құрманбай Баймұрат<br>Аманай Ансар |
| **Кешкі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.<br>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.<br>Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас<br>Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет! | | | | |
| **№ 2 серуенге дайындық** | Серуен №8. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| **№ 2 серуен** | **Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын:«Ұшты- ұшты»<br>**Міндеті:** балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту<br>Сөздік қоры: жылы киінеміз | **Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын:«Көжектер мен түлкі»<br>**Міндеті:** балалардың зейінің,есту қабілетін дамыту.<br>Сөздік қоры: асықпа | **Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын:«Мысық пен тышқан»<br>**Міндеті:**балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік қоры: асықпа | **Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын:«Күн мен түн»<br>**Міндеті:**балалардың зейінің дамыту, ұйымшылдыққа үйрету.<br>Сөздік қоры: асықпа | **Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын:«Дала және үй құстары»<br>**Міндеті:** балалардың зейінің, есту қабілетін дамыту.<br>Сөздік қоры: жылдам |
| Балалардың үйлеріне қайтуы | «Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут»<br>Ата-аналармен жұмыс: Аудандық семинарға балалардың дайындығы туралы кеңес беру. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Балалармен жасаған топтық жұмыстары туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру.<br>Сөздік қоры: Сау болыңыз! |

**Тексерілді:** жоспар, кеңес берілді

Камысова А.С 03. 11. 2025 ж

Scanned with CamScanner